

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМҚ

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Әлеуметтік ғылымдар
факультетінің деканы


Қашиқыйбаи Б.Б.

«15» 06 2019 ж.

5B050300 - Психология
мамандығының білім алушыларына арналған

«Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу»
пәні бойынша

Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

Астана
2019



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті

Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

Басылым: бірінші



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті

Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

Басылым: бірінші


«Психикалық денсаулық профилактикасы және сунниттің алдын алу» пәні бойынша мамандықтың білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылған

Құрастырған Субул п.с.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.К. Аубакирова

Кафедра отырысында қарастырылды, хаттама №10, «31» __05__ 2019ж.
Кафедра меңгерушісі Шалғынбаева Қ.Қ.

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясының отырысында мақұлданды
хаттама № 11, «14» __06__ 2019 ж.

Факультеттің ОӘК төрағасы Субул Аубакирова Ж.К.

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
---	--	--	-------------------------

Түсініктеме хат

1. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу қазіргі заман психологиясының жетекші аудандарының бірі болып табылады. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алудамуы - бүкіл әлемдік дамудың тенденциясы. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алуерекшелігі оның фундаменталды теориялық негіздерінің тығыз үнемі байланысы және оның халықтық денсаулық сақтаудың қолданбалы практикалық міндеттерін шешуге енгізу болып табылады. Қазіргі кезде психологияның басқа салаларының арасында медициналық психология, денсаулықсақтаудың кең ауқымды міндеттерін шешуге біршама енгізіліп отыр.

Курста психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу теориялық, әдіснамалық және практикалық аспектілері жүйелі түрде ұсынылады, соның ішінде патопсихологияның және нейропсихологияның негіздері, балалар дизонтогенезі, әлеуметтік патология мәселелері, психосоматикалық медицинаның психологиялық мәселелері, тұлғаның дағдарыстық күйлері, суицидология негіздері, кәсіби деонтологияның психологиялық аспектілері және т.б. қазіргі психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алуөзекті сұрақтары қарастырылады.

Пәнді оқытудың мақсаты: Студенттерді қазіргі нейропсихологияның, патопсихологияның, соматикалық аурулар клиникасындағы психологиялық білімдермен, дамудың аномалиялары негіздерімен, сондай-ақ оларды диагностикалау, түзету және алдын алу негіздерімен таныстыру болып табылады.

Пәнді оқытудың міндеттері:

-Қазіргі психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу дамуының негізгі бағыттарымен және тенденцияларымен таныстыру;

-Балалар мен ересек адамдардағы бұзылған дамудың және психикалық аурулардың түрлері туралы, бас миының нейропсихологиялық құрылымы туралы, жетекші нейро және патопсихологиялық синдромдар жайлы, психосоматикалық бұзылыстар және психологиялық түзету мүмкіндіктері туралы түсінік беру.


2. Пререквизиттер: жалпы психология, даму психологиясы, дифференциалды психология.

Постреквизиттер: психологиялық кеңес берудің негіздері.

3. Оқу жоспарынан көшірме


Курс 4
Семестр 7
Кредит саны 3

Сабақ түрі	Жалпы сағат саны
Дәріс	30
Семинар сабақ	15
БӨЖ	105
Барлығы	150

 <p>А. Н. ГУМИЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
(академиялық сағатта)

№ апталар	Модульдің және бағдарламалық материалдардың атауы	Сағат саны
1-5	Модуль 1. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алуға кіріспе	
	Дәрістер	10
	<p>1.1 Қазіргі таңдағы психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу пәні мен құрылымы. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу психологияның пәні мен объектісі. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу қазіргі күйі және даму тарихы. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу психология ғылымының бір саласы ретінде, оның басқа ғылымдармен байланысы. Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу іс-әрекеттерінің негізгі бағыттары. Еліміздің емдеу мекемелеріндегі медициналық психологтардың қызметтері мен штаттық нормативтері. Медициналық психологтар іс-әрекеттерінің этикалық және құқықтық аспектілері. Медициналық сараптаманың әртүрлі міндеттерін жүзеге асырудағы медициналық психологтардың рөлі (дәрігерлік-еңбектік, әскери-медициналық, сот-психиатриялық және медициналық-педагогикалық сараптамалар). Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс.</p>	3
	<p>1.2 Педагогикалық – психологиялық әдебиеттегі денсаулық проблемасы. Тұлғаның денсаулығына деген негізгі тұрғылар Денсаулық психологиясы пәнаралық зерттеу ғылымы. Патология және норма туралы ұғым. Калыпты психикалық даму туралы көзқарастар, психикалық нормаға деген психологиядағы әртүрлі ағымдар (бихевиоризм, психоанализ т.б.) өкілдерінің тұжырымдамалары. Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс.</p>	4
	<p>1.3 Психологиядағы денсаулық проблемасы. Психикалық денсаулық, психикалық денсаулықты зерттеуге арналған жетекші ресейлік ғалымдар, шетелдік белгілі психологтардың көзқарастары. Қазақстанда осы проблеманың зерттелу деңгейі. Психологиялық денсаулық туралы И. В. Дубровинаның тұжырымдамасы. А. Маслоудың өзін-өзі кемелдендіру тұжырымдамасы. В.И. Слободчиков, Г.А. Цукерман, Е.И. Исаевтардың адам денсаулығы психологиясы туралы көзқарастары. Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс.</p>	3
	Тәжірибелік (семинар) сабақтар	5
	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алудың қазіргі күйі және оның негізгі бөлімдері Семинар сабағының жоспары: 1.Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу</p>	1

 <p>А. Н. ГУМИЕВ АЛТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
---	--	--	-------------------------

	<p>қазіргі күйі және оның негізгі бөлімдері. 2. Медициналық психологтардың практикалық іс-әрекетінің негізгі аспектілері. Оқытудың әдістемесі мен формасы: «сұрақ-жауап» сабағы</p>	
	<p>1.2 Психологиялық – педагогикалық әдебиеттердегі денсаулық мәселелері. Семинар сабағының жоспары: 1. Тұлғаның денсаулығы туралы негізгі түсініктер. 2. Денсаулықтың қалыпқа сәйкестілігі және қалыптан ауытқушылық. 3. Психологиялық денсаулыққа түрлі психологиялық ағымдардағы көзқарастар. Оқытудың әдістемесі мен формасы: интербелсенді әңгіме-семинар</p>	<p>1</p>
	<p>1.3 Балалардың психологиялық денсаулығы. 1. Балалардың психологиялық денсаулығы. 2. Денсаулық психология сының көкейкесті мәселелері. 3. Әлеуметтік психологиялық және психосоматикалық дезадаптация. Оқытудың әдістемесі мен формасы: «б шляпа»</p>	<p>1</p>
	<p>1.4 Дизонтогенез түсінігі. Дизонтогенез этиологиясы. Дизонтогенез классификациясы Семинар сабағының жоспары: 1. Дизонтогенез түсінігіне сипаттама. 2. Дизонтогенез этиологиясының қарастырылуы. 3. Дизонтогенез классификациясының зерттелінуі. Оқытудың әдістемесі мен формасы: портфолио</p>	<p>1</p>
	<p>1.5 Психикалық толық жетілмеу, дефицитарлық және кешіккен психикалық даму сипаттамалары Семинар сабағының жоспары: Психикалық толық жетілмеу себептері. Дефицитарлық және кешіккен психикалық даму сипаттама негізі. Оқытудың әдістемесі мен формасы: дөңгелек үстел</p>	<p>1</p>
	<p>БӨЖ</p>	<p>35</p>
	<p>1.1 Қазақстандағы медициналық (клиникалық) психологияның қалыптасуы мен даму тарихы. Тапсырмалар: А) Қазақстандағы медициналық (клиникалық) психологияның қалыптасуы мен даму тарихына талдау жасаңыз немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 8 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 2 апта</p>	<p>8</p>
	<p>1.2 Клиникалық психолог жұмысының этикалық мәселелері. Тапсырмалар: А) Клиникалық психолог жұмысының этикалық нормалары, талаптары туралы эссе жазыңыз. немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий;</p>	<p>9</p>



	3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 3 апта	
	1.3 "Норма" және "патология" мәселелері.. Тапсырмалар: А) "Норма" және "патология" мәселелері туралы эссе жазыңыз. немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 4 апта	9
	1.4 Патопсихологиялық зерттеудің әдістері мен жүргізу барысы Тапсырмалар: А) Патопсихологиялық зерттеудің әдістері мен жүргізу барысы туралы эссе жазыңыз. немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 5 апта	9
	Барлығы модуль 1 бойынша	50
6-10	Модуль 2. Психикалық дизонтогенез түсінігі.	
	Дәрістер	10
	2.1 Балалардың психологиялық денсаулығы Балалардың психологиялық денсаулығының ерекшеліктері. Ересектердің жаңа тұлғалық құрылымдары. Баланың социумға бейімделуі. Балалардың «психологиялық денсаулығының» деңгейлері. Креативтік деңгей, бейімделме деңгей, ассимилятивті-аккомодативті деңгей. Оқушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек. Балалармен психопрофилактикалық, дамытушы, түзетуші жұмыстар жүргізу. Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс.	3
	2.2 Әлеуметтік-психологиялық және психосоматикалық дезадаптация Эмоционалды бұзылулардың (мінездің акцентуациясы; невроздар және соматоформды вегетативті дисфункциялар; жеке тұлғалық ауытқулар (психопатия); психоздар). Мінез акцентуациясының типтері. В.Н.Мясищевтің невроздардың патогенетикалық тұжырымдамасы. Невротикалық қайшылықтардың үш түрі: истерикалық, неврастениялық және обсессивті-психастеникалық. Жеке тұлғалық ауытқулар (психопатиялар). Психоздың түрлері. Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.	3
2.3 Тұлғаның ұлттық-рухани бейнесі Ұлттық-рухани бейне туралы Қазақстандық ғалымдардың көзқарастары (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, К.Ж.Қожахметова және т.б). К.Ж.Қожахметованың тұлғаның этноәлеуметтік рөлдері туралы	2	



тұжырымдамасы. Рухани-адамгершілік тәрбие- баланың таза экоаурасын қалыптастыру жолы. Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.	
2.4 Балалар мен педагогтардың психикалық денсаулығын сақтаудағы психологтың қызметі Балалардың психикалық денсаулығын нығайтуға қажетті педагогикалық-психологиялық шарттар. Психикалық денсаулықтың өлшемдері мен көрсеткіштері. Балалар мен педагогтардың психикалық денсаулығын сақтауға қажетті алдын-алу шаралары. Психикалық және психологиялық денсаулықты анықтауға арналған әдістер. Экологиялық тәрбиенің мәселелері. Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.	2
Тәжірибелік (семинар) сабақтар	5
2.1 Ойлау бұзылуының диагностикалық әдістері. Семинар сабағының жоспары: Зақымдалған психикалық даму, бұрмаланған психикалық даму Дисгармоникалық психикалық даму сипаттамалары Оқытудың әдістемесі мен формасы: дөңгелек үстел	1
2.2 Акцентуация және психопатия мысалында тұлғаның дисгармониялық даму Семинар сабағының жоспары: Психикалық аурулар: этиология, ағым түрлері. Маникальды-депрессивті психоздың клиникo- патопсихологиялық сипаттамасы Акцентуацияға анықтама. Психопатия тұлғаның дисгармониялық даму. Оқытудың әдістемесі мен формасы: «6 шляпа»	2
2.3 Психикалық аурулар: этиологиясы, өту түрлері Семинар сабағының жоспары: Маникальды депрессивті психоздың клиникo- патопсихологиялық сипаттамасы . Психикалық аурулар: этиологиясы, өту түрлері Маникальды депрессивті психоздың клиникo- патопсихологиялық сипаттамасы Оқытудың әдістемесі мен формасы: портфолио	1
2.4 Шизофрения мен эпилепсияның клиникалық- патопсихологиялық сипаттамалары Семинар сабағының жоспары: Шизофрения мен эпилепсия симптомдары Шизофрения мен эпилепсияның клиникалық патопсихологиялық сипаттамалары. Оқытудың әдістемесі мен формасы: интербелсенді әңгіме-семинар	1
БӨЖ	35
2.1 Невроз психотерапиясының бағыттары Тапсырмалар: А) 20-25 беттен тұратын блок-схемалық жинақ дайындау (шағын топтық жұмыс) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект;	7




	2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 6 апта	
	2.2 Соматикалық клиникадағы медициналық психолог жұмысының ерекшелігі Тапсырмалар: А) дереккөздер негізінде хрестоматиялық жинақ дайындау (шағын топтық жұмыс) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 7 апта	7
	2.3 Тұлғалық аномалиялар Тапсырмалар: А) дереккөздер негізінде хрестоматиялық жинақ дайындау (шағын топтық жұмыс) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 8 апта	7
	2.4 Шизофрения этиологиясы Тапсырмалар: А) дереккөздер негізінде хрестоматиялық жинақ дайындау (шағын топтық жұмыс) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 9 апта	7
	2.5 Эпилепсия (қояншық ауру) этиологиясы Тапсырмалар: А) дереккөздер негізінде хрестоматиялық жинақ дайындау (шағын топтық жұмыс) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 10 апта	7
	Барлығы модуль 2 бойынша	50
11-15	Модуль 3. Аномальды даму	
	Дәрістер	10
	3.1 Экологиялық ортаның адам психикасына әсері Адам мен табиғаттың қарым-қатынасы туралы мәселе. С.Д. Дерябо, В.А. Ясвин, Пановтың экопсихологиялық көзқарастары. Л.Н.	2



<p>Гумилевтың этносфера ұғымы. Қазақ халқының қоршаған табиғат туралы этнопсихологиялық ой-пікірлері.</p> <p>Этнопсихологиялық орта мен адам. Индивид – орта. Адам – орта, Адам- табиғат, Адам этнос мүшесі ұғымдары. Қазіргі ғылымдағы адам – биоэтнопсихоэлеуметтік бірлік деген түсініктің мазмұны.</p> <p>Психологиялық денсаулықты қамтамасыз етуде тренингтердің мүмкіндіктерін пайдалану.</p> <p>Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.</p>	
<p>3.2 Жеке тұлғаның психологиялық денсаулығы және наша құмарлықтың кері әсері</p> <p>Невротикалық бұзылулар туралы қазіргі заманғы теориялар. Қобалжумен байланысты невротикалық бұзылулар: 1) обсессивті-компульсивті бұзылулар, олардың әлеуметтік жағдайлармен байланысы және психологиялық механизмдері; олармен психотерапевттік және психокоррекциялық жұмыстарды өткізу. 2) соматоформдық бұзылулар: конверсиондық (истерия), соматогендік, ипохондрия. Соматоформды бұзылулардың психотерапевттік және психокоррекциялық жұмыстарды өткізу. 3) диссоциативтік бұзылулар: психогендік амнезия, көп тұлғалылық, деперсонализация. 4) «МЕН бейнесінің» бұзылуымен байланысты дисморфоманиялар, дисморфобиялар, нервтік анорексия. Бала шақтағы невроздар. Балаларда кездесетін невроздардың көріну формалары.</p> <p>Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.</p>	2
<p>3.3 Шылым шегу мен ішімдіктің адам психикасы мен дамуына әсері</p> <p>Шылым шегу мен ішімдіктің адам психикасы мен дамуына әсері аса құнды идеялар, олардың құрылуының психологиялық механизмдері. Сананың өзгерген күйі.</p> <p>Түйсік пен қабылдаудың бұзылуы. Зейіннің бұзылулары. Есте бұзылуы. Ерік және оның бұзылыстары. Жүйкелік-психикалық аурулардың әртүрлі формаларындағы ойлаудың бұзылуы. Танымдық психикалық процестердің бұзылуын зерттейтін әдістер.</p> <p>Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.</p>	3
<p>3.4 Ішімдік пен шылым шегуге тәуелділіктен құтылу қағидалары, оларға психолог кеңесі.</p> <p>Ауру адамдардың психологиялық түзету мен әлеуметтік-еңбектік оңалтудың жалпы аспектілері. Дәрігер мен науқас арасындағы өзара қатынас мәселелері. Дәрігердің тұлғалық ерекшеліктерінің рөлі. Эмпатияның мәні. Ятрогениялар. Психологтың ауруханалардағы дәрігерлер және кіші медициналық қызметкерлермен жұмыс жасаудағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері. Ішімдік пен шылым шегуге тәуелділіктен құтылу қағидалары, оларға психолог кеңесі.</p> <p>Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті лекция.</p>	3
<p>Тәжірибелік (семинар) сабақтар</p>	5
<p>3.1 Дамуында әр түрлі ауытқуы бар балаларды зерттеу әдістеріне сипаттама</p> <p>Семинар сабағының жоспары: Бас миының локалды зақымдануы кезіндегі жоғары психикалық функциялардың бұзылыс синдромдары.</p>	1



	<p>Дамуында әр түрлі ауытқуы бар балаларды зерттеу әдістеріне сипаттама. Бас миының локалды зақымдануы кезіндегі жоғары психикалық функциялардың бұзылыс синдром негіздері. ЖПФ-ң жүйелік ұйымдасуындағы Лурияның ілімі ЖПФ-ті әлеуметтік, жанамалылығын, саналы, ырықты күрделі өзіндік реттеуші процестер ретінде қарастыру. Ми жарты шараралық асимметрия және ми жарты шараларының арақатынас мәселесі. Оқытудың әдістемесі мен формасы: интербелсенді әңгіме-семинар</p>	
	<p>3.2 Әр жастағы балалардың денсаулығына педагогикалық, психологиялық ықпал ету жолдары Семинар сабағының жоспары: Синдром туралы түсінік. Әртүрлі нейропсихологиялық синдромдардың сипаттамалары. Мидың локалды патологиясында психикалық процестердің бұзылуларының диагностикалық әдістері. Бұзылған жоғарғы психикалық функциялардың қайта қалпына келтірілуі. Медициналық психологтардың қайта қалпына келтіру жұмыстарының мәні. Әр жастағы балалардың денсаулығына педагогикалық, психологиялық ықпал ету жолдары Оқытудың әдістемесі мен формасы: дөңгелек үстел</p>	<p>2</p>
	<p>3.3 Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнына сипаттама Семинар сабағының жоспары: Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнына сипаттама Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнын құру (жас кезеңдеріне байланысты тренингтерді құрастыру және өткізу). Оқытудың әдістемесі мен формасы: «сұрақ-жауап» сабағы</p>	<p>2</p>
	<p>БӨЖ</p>	<p>35</p>
	<p>3.1 Әр жастағы балалардың денсаулығына педагогикалық, психологиялық ықпал ету жолдары Тапсырмалар: А) Әр жастағы балалардың денсаулығына педагогикалық, психологиялық ықпал ету жолдарын сипаттаңыз. немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 11 апта</p>	<p>8</p>
	<p>3.2 Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнына сипаттама Тапсырмалар: А) Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнына сипаттама маңыздылығын көрсетіңіз (реферат түрінде) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 12 апта</p>	<p>9</p>

 <p>А. Н. ГУМИЕВ АЛТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
---	--	--	-------------------------

	<p>3.3 Жүйке-психикалық және психосоматикалық аурушаңдықтың эпидемиологиясы. Тапсырмалар: А) Жүйке-психикалық және психосоматикалық аурушаңдықтың эпидемиологиясы (реферат түрінде) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 13 апта</p>	<p>9</p>
	<p>3.4 Жеткіншек және бастауыш сынып оқушыларының депрессиялық жағдайын айқындау жолдары Тапсырмалар: А) Мидың локалды зақымдануы (реферат түрінде) немесе Б) тақырып бойынша 1) конспект; 2) глоссарий; 3) ауызша жауап БӨЖ тапсыру мерзімі: 14 апта</p>	<p>9</p>
	<p>Барлығы модуль 3 бойынша</p>	<p>50</p>
	<p>150</p>	

4. Пәннің қысқаша ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттамасы

Оқу нәтижелерін бақылау түрлері

Ағымдағы бақылау: әр тақырып бойынша

- 1) конспект (СӨЖ-50 балл);
- 2) глоссарий (СӨЖ -50 балл);
- 3) ауызша жауап (100 балл)

Аралық бақылау:


7-аптада топтық жұмыс формасында өткен тақырыптар бойынша электрондық ғылыми журнал дайындалып, қорғалады (100 балл);
15-аптада жеке-дара жұмыс формасында емтихан сұрақтары бойынша анықтамалық электронды кітапша дайындалып, қорғалады (100 балл).

Қорытынды бақылау (емтихан): 3 сұрақтан тұратын билетке жауап беру арқылы ауызша емтихан түрінде болады.

Курстың саясаты мен процедурасы

Құрметті студент !

Сіздің әр сабақтағы *белсенділігіңіз, шыдамдылығыңыз, орнықтылығыңыз бен жауапкершілігіңіз* осы курс бойынша білім меңгеруге ең негізгі шарт болады.

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
---	--	--	-------------------------

Кешігуге және сабақтан себепсіз кетіп қалуға рұқсат етілмейді. Кешігіп келген студент сабаққа жіберіледі. Ол силлабус бойынша берілген сабақ тапсырмаларын орындаған болса, балдарын жоғалтпайды. Ал, тапсырма орындалмаса, кешіккен минутына байланысты сол күнге минус таңбалы балл ескеріліп, білімі бойынша алған балдан шегеріледі. Мысалы: 10 минутқа кешіксе, сол күнгі сабағында (-10) балл, 15 минутқа кешіксе (-15) балл шегеріледі. Ауырып қалған жағдайда, сабаққа келе алмаған студент (медициналық мекеменің тиісті растайтын құжаты болған жағдайда ғана), кейін дайындалып сабақ айтуға болады.

Студент әр сабаққа дер кезінде дайындалуы тиіс. Себепті жағдайларда болмаса, әр сабақтың тапсырмалары өз уақытында ғана бағаланады.

Студент сабақ барысында белсенді түрде қатысып отыруы қажет.

Студент БӨЖ тапсырмаларын силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша тағайындалған уақытта дайындап, тәжірибелік сабақтар кезінде өткізеді.

Бақылаудың қай түрінде болмасын, ұялы телефондардың, дыбыс және көрнекі ақпарат тасымалдайтын құралдардың (МП3, МП4, плэйер т.б.) көмегіне жүгінбеу талап етіледі және кез келген сырттан алынған көмек анықталғанда бақылау жұмысына 0 (нөл) балл қойылады.

Әр студент оқу әрекетінің субъектісі ретінде белсенділік, жауапкершілік танытқаны жөн.

5. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі


Білім алушылардың білімі, шеберлігі, дағдылары келесі жүйе бойынша бағаланады

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық көрсеткіші	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	


Аталған бөлімді толтыру барысында білім алушыда алған бағасы туралы нақты түсінігі болуы үшін әрбір бағаға қойылатын талапқа толық сипаттама беру қажет. 1 кестеде бағалау критериялерінің үлгісі келтірілген

Кесте 1

Баға	Критерий
A бағасы	Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу курсына қамтылған кез келген тақырып бойынша терең әрі толық білімді; қарастырылған ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың, олардың өзара байланысының мәнін толық түсінуді көрсете біледі. Оқылған материалдар негізінде толық әрі дұрыс жауапты құрастыра біледі; негізгі ережелерді белгілеп, жауапты нақты мысалдармен және деректермен толықтыра алады; қорытындыны жалпылау, дәлелді талдау жасай алады. Пәнаралық және пән ішіндегі (бұрын алынған білім негізінде)

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

	<p>байланыстарды орната біледі. Түсіндіруде шығармашылық қабілетін танытады.</p>
<p>А- бағасы</p>	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алукурсындағы кез келген сұрақтың мазмұнын бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндай алады. Бағдарламада ұсынылған негізгі және қосымша әдебиетті терең игерген, өз ойын жеңіл түрде мазмұндай біледі. Талқыланып жатқан мәселеге кең, әрі жан-жақты талдау жасай біледі. Елеулі нақты қателердің болмауы. Қорытындысы дәлелді және нақты материалға негізделген. Жауап беру кезінде білім алушының өздігінен түзетілген, сұраққа байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы мүмкін.</p>
<p>В+ бағасы</p>	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу пәнінде оқылған материалдарды толық біледі. Оқытылған теориялар негізінде толық әрі дұрыс жауаптың болуы; оқытылған материалды баяндауда, ұғымдарға анықтама беруде, ғылыми терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда кейбір үйлеспеушілік пен қателердің болуы мүмкін. Студент жіберген қателерін оқытушының көмегімен түзете алады. Жалпы оқытылған материалды меңгеріп, нақты мысалдармен дәлелдей алады.</p>
<p>В бағасы</p>	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу бойынша оқытылған материалдардан негізгі ережелерді өз бетімен атай біледі; негізгі ережелердің мағынасын аша алады; жауабында логикалық, жүйелі бірізділік бар. Дәлелдер мен мысалдар негізінде жалпылау, қорытынды жасай білу, пән ішіндегі байланыстарды орната біледі. Практикада алған білімді, ғылыми терминдерді қолдана біледі. Бірақ әдебиетпен, оқулықпен жұмыс істеуде дағдысы жеткілікті көрінбейді. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы түзей алады.</p>
<p>В- бағасы</p>	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу бойынша студент берілген сұраққа дұрыс жауап береді; бірақ жауап беру үдерісінде маңызды басты деректердің жоқ болуы мүмкін. Студент материалдың негізгі мазмұнын меңгергенімен, оны саралап, талдауда қиналады. Мысалдармен жауабын нақты дәлелдей алмайды. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы түзей алады.</p>
<p>С+ бағасы</p>	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу бойынша жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар болуы мүмкін. Негізгі ұғымдарды анықтауда студент тың жіберген қателерін түзетуге қиналған жағдайда қойылады.</p>
<p>С бағасы</p>	<p>Психология ғылымының әдіснамасы бойынша студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, тақырыптың, негізгі ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды</p>
<p>С- бағасы</p>	<p>Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу бойынша студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі ережелерді ерекшелік алмайды, сұрақтың басты</p>


	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: бірінші
---	---	---	------------------

	идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалды толық меңгермегендігі байқалады.
D+ бағасы	Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу бойынша студент көптеген маңызды фактілерді ескермейді; қорытынды жасай алмайды; фактілер қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келмейді; олар салыстырып қарастырылмайды; негізгі мәселені көрсете алмайды (қате болса да). Көп елеулі қателер жіберіледі. Студент жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі, әрі негізгі мәселелермен байланыстың жоқтығы байқалады. Студент оқытушының көмегінен кейін ғана жауабын түзетуі мүмкін.
D бағасы	Психология ғылымының әдіснамасы бойынша студент нашар жауап береді; тақырыпты толық меңгермегені, жауаптарында елеулі қателер байқалады. Студент қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды.
FX	Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу бойынша студент өте нашар жауап береді; тақырыпты толық меңгермегені байқалады, жауаптарында елеулі қателер көрініп тұрады. Студент қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды, пәнді толық меңгермеген.
F бағасы	Психикалық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу әдіснамасы бойынша студент өте нашар жауап береді; сұрақтың мағынасын түсінбейді. Сөйлеу, жазу мәнері төмен деңгейде. Жауабында көптеген қателер байқалады. Оқытушының жетекші сұрақтарын студент түсінбейді. Студент оқу материалын меңгере алмаған жағдайда қойылады. Сабаққа жауап пен бақылаудың қай түрінде болмасын, ұялы телефондардың, дыбыс және көрнекі ақпарат тасымалдайтын құралдардың (МПЗ, МП4, плэйер т.б.) көмегіне жүгінгенде 0 (нөл) қойылады

* Пәннің мазмұны мен бақылау формаларына байланысты критерииелер толықтырылулы мүмкін.

6. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

	Автор, атауы, шыққан жылы	Ақпарат көзі	Бары (дана)	
			Кітапханада	Кафедрада
Негізгі әдебиеттер				
1	Хрестоматия по медицинской психологии / Составитель Сапарова И.А. - А., 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
2	Карвасарский Б.Д. Клиническая психология - СПб., 2016	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
3	Зейгарник Б.В. Патопсихология - М., 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
4	Лурия А.Р. Основы нейропсихологии - М., 2016	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

Қосымша әдебиеттер				
1	Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков – М., 2017	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
2	Абрамова Г.С., Юдчиц Ю.А. Психология в медицине. Учебное пособие.- М., 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
3	Психотерапевтическая энциклопедия/ Под ред. Б. Д. Карвасарского. — СПб, 2016.	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
4	Менделевич В.Д. Клиническая и медицинская психология - М., 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
5	Глешева Р.Г. Медициналық психология. -Алматы. 2017	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
6	Кенжебаева Т.Б. Арнайы психология.- Павлодар. 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
7	Пушкина Т.П. Медицинская психология – Н., 2018	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
8	Братусь Б.С. Аномалии личности – М., 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
9	Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков – М., 2015	Кітап Интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа